

Педагогикалық ғылымдар



Педагогические науки



Pedagogical sciences

FTAMP 14.09.03

Л.К. Болеева (orcid-0000-0002-4298-3135)

¹Пед. ғылымдарының канд., доцентМ.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., Қазақстан
e-mail: boleval@gmail.com**ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ МЕН
АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАЙЫ**

Аңдатпа. Мақалада қазақ халқының ұлы ағартушы-педагогы Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі бойынша 1937-2010 жылдары қорғалған диссертациялық жұмыстарға ретроспективті талдау берілген.

Тірек сөздер: педагогикалық идея, педагогикалық ағартушылық, педагогикалық мұра, педагогикалық көзқарас, педагогикалық ой-пікірлер.

Кіріспе. Қазақ халқының ұлы ағартушы-педагогы Ыбырай (Ибраһим) Алтынсариннің педагогикалық мұрасы бойынша қорғалған диссертациялық жұмыстарды екі кезеңге бөлуге болады.

Бірінші – кеңестік кезеңде 1937-1991 жылдары қорғалған диссертациялар, ал екінші – егемендік кезеңде орындалған диссертациялық жұмыстар. Бұл жұмыстарды екі топқа: бірінші – Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметін тікелей өз нысанасы етіп зерттелген, ал басқалары өздерінің зерттеу проблемаларына орай орындалған жұмыстар.

Зерттеу шарттары мен әдістері: педагогикалық әдебиеттерге салыстырмалы тарихи талдау және жинақтау.

Зерттеу нәтижелері. Сонымен, барлығы 25 диссертациялық жұмыс, оның 8-кандидаттық, 17-педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін қорғалған жұмыстар екенін анықтадық [1]. Енді сол жұмыстарға ретроспективті талдау жасап, оларды қысқаша шолып өтелік.

Зерттеу нәтижелерін талқылау. Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық мұрасын зерттеуге көңіл аударып, ең алғаш рет 1937 жылы “Орыс-қырғыз (қазақ) мектептері” тақырыбына педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін қорғалған Ш.Қ.Қоқымбаевтың диссертациялық жұмысы. Жұмыста Ы.Алтынсариннің қазақ халқын көшпенділіктен отырықшылық тұрмысқа көшіру, халық ағарту жүйесін құру туралы ойлары, тілдерді оқып үйрену, баланы еңбекке баулу, кәсіптік білім беру және басқа да ойлары бүгінгі таңда да өз бағасын жоғалтқан жоқ. Ол жұмыс революцияға дейінгі қазақ мектептерімен ағарту ісінің тарихи мәселелерін зерттеудің бастамасы болды [2, 190 б.].

1948 жылы Ә.С.Сыдықовтың “Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі” тақырыбына орындаған кандидаттық диссертациясы алғы сөзден, алты тараудан, қорытынды мен қосымшадан тұрады [3, 185 б.].

Бірінші тарау “Алтынсаринге дейінгі өлкедегі халық ағарту ісінің жайы” деп аталып, онда хан ордасындағы мектеп, шекара комиссиясы жанындағы мектеп, олардың ерекшеліктері, бекіністер жанындағы интернаты

бар “дала мектептері”, қазақ ақсүйектерінің балаларын орта білім беретін оқу орындарында оқытуы туралы мәселелер жан-жақты қарастырылған.

“XIX ғасырдың 60-жылдарындағы педагогикалық қозғалыс және оның Ыбырай Алтынсаринге әсері” атты екінші тарауда сол кездегі Ресейде педагогикалық қозғалыс, Ыбырайға орыс педагогтары В.В.Григорьевтің, Н.И.Ильминскийдің, В.В.Катаринскийдің, А.Е.Алектаровтың ықпалы туралы сөз болған. Үшінші “Ы.Алтынсарин – қазақ өлкесінде орыс-қазақ мектептерінің ұйымдастырушысы” тарауында Алтынсариннің орыс-қазақ мектептерін ашуы, олардағы оқу жоспарлары, бағдарламалары, пайдаланылған оқу кітаптары, болыстық мектептер, ауылдық мектептер, қыз балаларды оқыту, қазақ қыздарына арналған интернаттар, арнаулы кәсіби білім беру мәселелері, сондай-ақ Ыбырай халық мектептерінің негізін салушы екендігі баяндалған. Төртінші тарау “Ыбырай Алтынсарин оқыту мен тәрбиенің мақсаттары және міндеттері туралы” деп аталып, онда Ыбырай Алтынсариннің “Мактубат” хрестоматиясы – оның балаларға оқыту мен тәрбиелеу жөніндегі көзқарасын бейнелейтіні, білім мен тәрбие беруде алға қойылған мақсаттар, еңбекті сүйеге тәрбиелеу, ауыз әдебиеті шығармаларын тәрбие мақсатына пайдалану туралы сөз болған. “Алтынсарин және мұғалім. Қазақтарға орыс тілін оқыту жөніндегі алғашқы басшылық” атты бесінші тарауда мектептегі мұғалім, оның алатын орны мен рөлі, Алтынсариннің методы бойынша орысша тіл дамытуға, оқу мен жазуға үйрету, әр топтардағы сөздердің үлгілері, яғни Ыбырайдың әдістемелік көзқарасы баяндалған. Алтыншы “Алтынсариннен кейінгі орыс-қазақ мектептерінің халі. Алтынсариннің маңызы” атты тарауда Алтынсариннен кейінгі қазақ ауылдарындағы мектептер, оның санымен сапасы, мұғалімдерге педагогикалық білім беру, Алтынсарин қызметі, педагогикалық көзқарасының қалыптасуы, ағартушылық қызметін бағалау, оның сол кездегі қоғамдық ойдың даму тарихында қазақ халқы мәдениеті тарихының жарқын бір кезеңі болғаны айтылған.

1957 жылы И.Я.Гармстың “Революцияға дейінгі Ресейде қазақтар арасындағы халық ағарту ісі” тақырыбына қорғаған кандидаттық диссертациясы кіріспеден, 3 тараудан және қорытындыдан тұрады [4, 181 б.].

Жұмыстың “XIX ғасырдағы орыс-қазақ бастауыш мектептері” атты тарауында түрлі бастауыш білім беретін мектептерге сипаттама беріліп, Ильминский мен Григорьевтің, әсіресе Алтынсариннің пікірлері мен қызметіне айрықша тоқталған.

Қазақстанда тұңғыш педагогика ғылымдары ғылыми дәрежесіне ие болған, академик Төлеген Тәжібаев 1962 жылы Ленинградта “XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанда ағарту ісі мен педагогикалық ойдың дамуы” тақырыбына қорғаған докторлық диссертациясының “Қазақстанда XIX ғасырдың екінші жартысындағы педагогикалық ой” атты тарауында Ыбырай Алтынсариннің қоғамдық-педагогикалық қызметі мен педагогикалық идеяларын арнайы қарастырған. Онда Ыбырайдың өмірі, оның педагогикалық көзқарасының қалыптасуына К.Д.Ушинскийдің, Л.Н.Толстойдың, И.И.Ильминскийдің, Я.П.Яковлевтың ықпалдары, педагогикалық және ағартушылық қызметтерін, оның “Қазақ хрестоматиясы” мен “Қазақтарға орыс тілін оқыту жөніндегі алғашқы басшылық” оқу құралдарына және хаттарына терең талдау жасау арқылы көрсетілген [5, 566 б.].

Қоғам қайраткері, ғалым-педагог Ә.І.Сембаевтың 1963 жылы “Қазақ кеңес мектебінің тарихы” тақырыбына қорғаған докторлық

диссертациясының бірінші тарауы “Ресейдегі революциядан бұрынғы қазақ мектебі” деп аталып, онда “Қазақ халқының ағартушы қайраткерлерінің бірі – Ыбырай Алтынсарин еді. Орыстың революцияшыл демократтарының ағартушылық идеяларының ықпалымен, сол кездегі атақты ғалым, Шығысты зерттеуші В.В.Григорьевтің ұсынысы бойынша, Қазақстанда 1860 жылы барлық далалық бекіністер жанында орыс-қазақ мектептерін ашуды ұйғарғанда, бұл іске ең алдымен кіріскен адам Алтынсарин болды.

Жаңа мектептер ашу мәселесін зерттей келіп, мынадай ұсыныс енгізді: «Біздің пікірімізше, ең алдымен қазақ (қырғыз) даласына жалпы отандық орыс тілі мен орыс оқуын енгізуге қамқорлық жасау керек, ал бұларды қырғыздардың өздерінің қалың ортасында ашылған орыс-қазақ халық училищелері ғана бәрінен де жақсы тарата алады».

Алтынсарин орыс-қазақ қыздарының мектептерін, қазақ жастарына арналған қолөнер, техника мектептерін ашуға да жетекші болды. Бұл мектеп-интернаттарда қазақ кедейлерінің балалары да оқи алатын болды.

Ыбырай Алтынсарин аса көрнекті педагог, ағартушы қайраткер болды. Ол өзінің бүкіл өмірін қазақ халқы арасында өнер-білім тарату, оны алдыңғы қатарлы орыс мәдениетіне жақындату, орыс халқымен достықты күшейту жолына арнады” [6, 32-33 бб.].

Аса дарынды ғалым-педагог Қ.Б.Бержановтың 1966 жылы “Ағарту ісін дамытудағы қазақ-орыс ынтымақтастығы” тақырыбына қорғаған докторлық диссертациясында автор: “Қазақ халқы мәдениетінің тарихынан көрнекті орын алатын қайраткерлерінің бірі, халқымыздың мақтанышы, демократиялық бағыттағы ағартушы, тұңғыш педагог, ақын-жазушы Ыбырай Алтынсарин орыс халқының кең арналы білім бұлағынан сусындады. Өзінің алған білімін туған халқына тарту етіп, қазақ елі үшін оқу-ағарту саласында игі еңбек сіңірді. Ол ағартушылық алғашқы қадамынан-ақ қазақ халқының келешегі ұлы орыс халқының өмірімен, оның мәдениетімен тығыз байланысты екенін ашып айтты. Қазақ халқының дарынды перзенті Ы.Алтынсарин аса күрделі тарихи кезеңде патша үкіметі Шығыс халықтары арасында қатаң отарлау саясатын жүргізіп жатқан кезеңде өмір сүрді” деп көрсетті [7, 121 б.].

1968 жылы М.Қозғамбаеваның “Қазақстандағы әйелдерге білім беру тарихынан” тақырыбына қорғаған кандидаттық диссертациясында қазақтың ұлы педагог-ағартушысы “Ыбырай Алтынсарин – қыз балаларға, әйелдерге білім беруді қолға алып, тұңғыш бастама жасаған адам, ол 1887 жылы Ырғыз қаласында қыздар үшін 20 кісілік интернат ашуын сұрағаны, содан соң 1891 жылы Торғайда интернатты қыздар училищесі, 1893 жылы Қостанайда, 1896 жылы Ақтөбеде, 1896 жылы Торғайда қыздардың тұңғыш қолөнер мектебінің ашылғаны, осының бәрі қазақ қыздарына білім берудің алғашқы бастамасы болғаны” туралы баяндалған [8, 91 б.].

Қазақ қыздарынан тұңғыш педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесіне ие болған, академик К.К.Құнантаева 1980 жылы Ташкентте “Қазақстанда әйелдерге білім берудің дамуы” тақырыбына қорғаған диссертациялық жұмысының “Революцияға дейінгі Қазақстанда әйелдерге білім беру тарихынан” атты екінші тарауында қазақ ағартушысы Ы.Алтынсарин Қазақстанда әйелдерге білім беру мәселесін бірінші болып қолға алғаны, оның 1887 жылы Ырғызда тұңғыш қыздар училищесін, ал 1888 жылы қазақ қыздары үшін интернат ашқаны, онда 15 қыздың оқығаны, қыздарға орыс тілінде сауат ашу, қолөнер түрлеріне үйрету мәселелерін жүзеге асырғаны сөз болған [9, 36 б.].

Ғалым-психолог, әрі педагог Қ.Б.Жарықбаев 1981 жылы Киевте “Революцияға дейінгі Қазақстанда педагогикалық ойдың дамуы” тақырыбына қорғаған докторлық диссертациясының “Қазақстанның Ресейге қосылуы аяқталғаннан кейінгі өлкедегі психологиялық-педагогикалық ой” атты төртінші тарауының үшінші тармағында қазақтың бірінші педагог-ағартушысы Ы.Алтынсариннің “Қазақ хрестоматиясы”, “Қазақтарға орыс тілін оқыту жөніндегі алғашқы басшылық” және оның хаттарындағы педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі жан-жақты сөз болған [10, 25 б.].

Қазақ елі егемендік алған соң Ы.Алтынсариннің педагогикалық мұрасы жанаша этнопедагогикалық тұрғыда зерттеле бастады. Ыбырайдың педагогикалық көзқарастары бойынша арнайы үш кандидаттық диссертация және басқа зерттеу проблемалары бойынша бір кандидаттық, 12 докторлық диссертация орындалды. Соларға жеке-жеке тоқталайық.

Қазақстанда қазақ этнопедагогикасы ғылымы саласында ең алғашқы ғылым докторы дәрежесіне ие болған, айрықша талантты этнопедагог-ғалым С.А.Ұзақбаева 1993 жылы “Қазақтың халық педагогикасындағы эстетикалық тәрбие” тақырыбына қорғаған диссертациясының “Қазақстандағы эстетикалық тәрбиенің тарихнамасы” атты екінші тарауын “Қазақ ағартушылары халықтық педагогиканың балалар мен жастардың эстетикалық тәрбиесіндегі маңызы туралы” тармақшасында Ыбырайдың эстетикалық көзқарастары, оның педагогикалық шығармалары мен қызметінен кең көлемде көрініс тапқанын былай көрсеткен: “Өзінің барлық педагогикалық теориясында жас-жеткіншектердің эстетикалық тәрбиесін қалыптастырып, жетілдіруде қазақ халқының ғасырлар бойы тәрбие саласында жиған бай тәжірибесін негізге алу қажет деген пікірді ұстанғандардың бірі Ыбырай Алтынсарин.

Оның дүниетанымдық көзқарасының қалыптасуына, халқына, халық мұрасына: ауызекі шығармашылыққа, әдет-ғұрып, салт-дәстүрге деген сүйіспеншілігінің артуына, эстетикалық талғамы мен сезімінің дамуына өскен ортасы (табиғат, отбасы, туыс-достар, өнер адамдары т.б.) әсер етті. Әсіресе, қазақтың мәдениетін, өнерін терең білетін, ақыл-парасаты жоғары, сөзге шешен, елге сыйлы атасы Балқожаның ықпалы ерекше болды.

Ыбырай осы бала жастан халықтық педагогикадан алған тәлім-тәрбиесін, үлгі-өнегесін, көңіліне түйгендерін оқу-ағарту ісі арқылы қазақ балаларының бойына сіңісті ете білді. Балаларды ауызекі шығармашылығын қадірлеуге, ондағы халықтың басынан өткен қилы-қилы тарихи кезеңдерге әділ баға бере білуге үйретті, оны ерекше әсермен, жоғары эстетикалық сезіммен қабылдауға баулыды.

Ы.Алтынсариннің де эстетикалық тәрбие проблемаларын қозғайтын арнайы еңбектер жазып қалдырмағаны белгілі. Бірақ, Ы.Алтынсариннің эстетикалық көзқарастары оның педагогикалық қызметінен көрініс тапты”, - деп қорытындылаған [11, 53б.].

Қазақ халық педагогикасының аса білгірі, қазақ этнопедагогикасы ғылымының теориялық негіздері мен тарихын тұтастай жасаған С.Қ.Қалиев өзінің 1996 жылы “Қазақтың халықтық тәлім-тәрбиесінің ғылыми-педагогикалық негіздері” тақырыбына қорғаған докторлық диссертациясында Ы.Алтынсарин этнопедагогикалық мұрасы туралы былай депті: “Қазақ даласында мектептер ашып, оқу құралдарын жазып шығарып, білімнің дамуы мен қалыптасуына белгілі қоғам қайраткері, педагог, этнограф, жазушы Ы.Алтынсарин қазақтың тұрмыс-салтын баяндайтын этнографиялық

очерктерін жазды. Орыс-қазақ мектептерін ашу туралы мәселелерді насихаттаумен қатар, ол оқу-тәрбие ісінде қазақтың халықтық ауыз әдебиетінің үлгілерін пайдалануды қуаттады. Осы мақсатта құрастырған өзінің “Қазақ хрестоматиясын” (1879) жазып ұсынды” [12, 20 б.].

Қазақстанның педагогика тарихы мен білім беруінің мазмұнын жүйелеудің және конструкциялаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін алғаш жасаған К.Р.Қалкееваның “Ы.Алтынсарин оқулықтарының ғылыми-педагогикалық негіздері” тақырыбына 2000 жылы қорғаған кандидаттық диссертациясы кіріспеден, екі тараудан және қорытындыдан тұрады [13, 120 б.]. Жұмыстың бірінші тарауында Ы.Алтынсарин оқулықтарының жасалуының әлеуметтік-тарихи және ғылыми-педагогикалық алғышарттары, ал екінші тарауында Ы.Алтынсарин оқулықтарының құрылымы, мазмұны және педагогикалық негіздері сөз болған.

Г.Е.Рысбекованың “XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі Қазақстанда Ы.Алтынсариннің педагогикалық қызметінің дамуы” тақырыбына орындаған кандидаттық диссертациясы кіріспеден, екі тарау мен қорытындыдан тұрады [14, 146 б.].

Диссертациялық жұмыстың бірінші тарауы “XIX ғасырдың II жартысындағы саяси-әлеуметтік, экономикалық жағдайлар және оның ұлттық мектептердің пайда болуына тигізген әсері” деп аталып, онда патша үкіметінің отарлау саясатының қазақ өлкесінде сауат ашу жөніндегі ұстаған бағыттары, “жадидтік” жаңа әдіс мектептері мен орыс-қазақ мектептерінің пайда болуының маңызы және аралас мектептердегі оқу жоспарлары мен алғашқы оқулықтардың мазмұны туралы айтылған. Екінші “XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеясының оқу-ағарту саласында дамуы” атты тарауында Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен оның ағартушылық қызметін дамытушылар және алғашқы ана тіліндегі оқулықтардың ғылыми әдістемелік негіздері туралы баяндалған.

А.С.Сарсенованың “Ы.Алтынсариннің педагогикалық мұрасындағы жеке тұлға дамуының рухани-адамгершілік негіздері” тақырыбына орындаған кандидаттық диссертациясында ағартушы-педагогтың өмірі мен шығармашылығы негізінде оның рухани-адамгершілік тұжырымдамасының қалыптасуына ықпал еткен әлеуметтік-тарихи алғышарттар анықталған; Ы.Алтынсариннің рухани-адамгершілік ілімінің негізін құрайтын педагогикалық идеялары айқындалған; қазіргі студенттердің рухани-адамгершілік тәрбиесіндегі Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеяларын жүзеге асыру жолдарының негігі бағыттары анықталған [15, 130 б.].

Н.С.Әлқожаеваның “XIX ғасырдың екінші жартысындағы ағартушылар мұраларындағы имандылық идеяларының дамуы” тақырыбына орындаған кандидаттық диссертациясының “XIX ғ. екінші жартысында имандылық идеяларының дамуы” атты бірінші тарауының үшінші тармағында имандылық ұғымына Ыбырай Алтынсарин көзқарасының қалыптасуына ықпал еткен өскен ортасы, ол оқыған мектебі, сол кездегі патша үкіметінің мектептер ашудағы мақсаты, тәлім-тәрбиесі, ұстаған жобасы туралы айтылған. Сонымен қатар Ыбырайдың дінге көзқарасы, өзінің “Мұсылманшылықтың тұтқасы” кітабын жазу себебі, оның мазмұны, ондағы имандылық идеялары автордың: “Адам дамуына қоғамдық орынның әсерін ескере отырып, Ы.Алтынсарин дінді, Құранды, хадистерді бала тәрбиесіне пайдаланудың көздерін іздеген. Сонымен қатар “алла”, “құдай тағала”,

“жаратушы” сияқты сөздерді ағартушылық тәжірибесіне пайдаланған” деп көрсеткен [16, 57 б.].

Қазақстанда XIX ғасырдың 60-шы - XX ғасырдың 90 жылдары мектеп оқушыларына адамгершілік тәрбиесін берудің қалыптасу бастамасының ерекшеліктері мен дамуының теориясын жасаған Э.А.Орынбасарованың “Қазақстанның оқушыларына адамгершілік тәрбиесін берудің қалыптасу және даму теориясы” тақырыбына орындаған докторлық диссертациясының бірінші “Қазақстанда XIX ғасырдың 60-шы жылдарында адамгершілік тәрбиесін берудің қалыптасу бастамасы” тарауында Ы.Алтынсариннің адамгершілік-этикалық көзқарасының концептуалды қағидаларын Қазақстанның мектеп оқушыларына адамгершілік тәрбие беру негіздерінің теориялық-әдіснамалық көзі ретінде көрсетіп, автор: “Ы.Алтынсариннің педагогикалық этикасы – ол халықтың этикасы, өйткені халықтың ауызша шығармасы оның өмірі мен тұрмысын, қайғысы мен бақытын, патриотизмін, халықтың дәстүрі мен салтын көрсететін оның өсиеттері және ақылдары ретінде берілетін этикалық көзқарастарының көзі” деп бағалаған [17, 39 б.].

Қазақстанда ұлы ағартушы-педагог Мағжан Жұмабаевтан соң жеке тұлғаға ұлттық тәрбие берудің ғылыми-педагогикалық негіздерін жасаған К.А.Оразбекова өзінің “Жеке тұлға ұлттық тәрбиесінің ғылыми-педагогикалық негіздерін зерттеудің алғышарттары” атты докторлық жұмысының бірінші тарауында қазақ ойшылдары мен ағартушыларының еңбектеріндегі жеке тұлға ұлттық тәрбиесі туралы ой-пікірлерін қарастыра келіп, ұлы ағартушы-педагог Ы.Алтынсариннің жеке тұлғаға ұлттық тәрбие беру туралы ой-пікірлерін оның шығармалары мен ағартушылық қызметінде қазақтың халықтық (ұлттық) мектебін ашу, онда ауыз әдебиетін оқыту арқылы жеке тұлғаға ұлттық тәрбие мәселелерін ашып көрсеткенін айтқан [18, 36 б.].

Қазақ этнопедагогикасы ғылымындағы адамгершілік тәрбиесінің теориялық-әдіснамалық негіздерін жасаған Р.К.Төлеубекованың “Жоғары сынып оқушыларына жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайда адамгершілікке тәрбиелеудің ғылыми-педагогикалық негіздері” тақырыбына қорғаған докторлық жұмысының “Қоғам дамуының жаңа кезеңінде оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеудің теориялық-әдіснамалық негізі” атты бірінші тарауында адамгершілік тәрбиесінің тарихи-философиялық генезисін анықтай отырып, автор: “Қазақ жастарының адамгершілік жағынан өнегелі, инабатты, адал, еңбексүйгіш азамат болып тәрбиеленуі, мұғалімнің кәсіби мамандығының жоғары болуына мән беріп, оларды даярлау ісін ерекше қарастырды. Ұлы педагог мұғалімге адам тәрбиесінің ең жоғарғы міндеті жүктелген деп есептеді. Сонымен қатар, Алтынсариннің адамгершілік тәрбиесі тек мектеппен ғана шектелмейтінін, оның негізгі міндеттері басқа да балалар тәрбиесі мекемелерінің міндеті екенін дәлелдегені, біздің адамгершіліктің әлеуметтік-мәдени ортамен байланысты деген идеямызға арқау болады деп санаймыз”, - деді [19, 39 б.].

Қазақстанда қазақ этнопедагогикасы ғылымының қалыптасуы мен дамуына ерекше үлес қосқан, “қазақ этнодидактикасы” ғылымының негізін қалаған Ә.Табылдиевтің “Қазақ этнопедагогикасын оқытудың дидактикалық негіздері” тақырыбына қорғаған докторлық диссертациясының “Қазақстандағы этнопедагогикалық ойлардың даму тарихы” атты тарауында қазақтың ұлы педагогы – Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық еңбектерін талдай келе, автор: “Қазақ халқының әл-Фарабиден кейінгі ұлы педагогы, қазақ балалар әдебиетінің негізін қалаушы, ұстаз, ақын, жазушы, ... жаңашыл

педагог, батыс, шығыс әдебиеті мен мәдениетін жан-жақты зерттеп, оны қазақ халқы үшін пайдаланды” деп бағалаған [20, 155б.].

Қазақ этнопедагогикасы ғылымындағы еңбек тәрбиесінің теориялық-әдіснамалық негіздерін жасаған Қ.Қ.Шалғынбаеваның “Қазақ халық педагогикасындағы еңбек тәрбиесі” тақырыбына орындаған докторлық жұмысының үшінші “Қазақ халық педагогикасының еңбек тәрбиесі тәжірибесін пайдалану проблемалары” тарауында автор қазақ ғұлама-ағартушыларының дәстүрлі еңбек тәрбиесіне көзқарастары туралы айта келіп, Ы.Алтынсариннің шығармаларындағы еңбек туралы әңгімелерін талдап, мынадай қорытындыға келген: “Қазақ даласында тұңғыш орыс-қазақ мектептерін ашып, оларға оқу құралдарын жазған, ағартушы-педагог Ыбырай Алтынсарин еді. Ол өзінің «Қазақ хрестоматиясы» және «Қазақ мектептерінде орыс тілін үйренуге басшылық» атты еңбектерінің екеуінде де еңбек тәрбиесін бірінші орынға қойып: «Өмірдің негізгі мәні – еңбек, ол адамның адамгершілік қасиетін мәртебелендіреді, өмірдің шын қадірін тек еңбексүйгіш адам ғана түсіне алады. Мәнсіз еңбек, мағынасыз бейнетқорлық адамның жігерін мұқалтады, өз еңбегінің қызығын, рақат-ләззатын көре білу кісіліктің басты белгісі» - деп, неғұрлым адам өз еңбегінің қоғамдық маңызын терең түсінсе, соғұрлым оның жұмысы нәтижелі, еңбегі жемісті болады деген пікірді дәлелдейді” [21, 170 б.].

Қазақ этнопедагогикасы ғылымындағы патриоттық-ерлік тәрбиесінің теориялық-әдіснамалық негіздерін жасаған Р.А.Джанабаеваның “Қазақ халық педагогикасындағы патриоттық-ерлік тәрбиесінің ғылыми негіздері” тақырыбына орындаған докторлық жұмысының “Патриоттық-ерлік тәрбиесінің теориялық-әдіснамалық негіздері” атты бірінші тарауының қазақ ғұлама-ағартушыларының патриоттық-ерлік тәрбиесін дамытудағы рөлін қарастыра келіп, автор: “Балалар мен жастарға патриоттық тәрбие беру мәселесіне қазақтың ғұлама ағартушысы Ыбырай Алтынсарин де аса назар аударды. Оның дүниетанымының қалыптастуына, отансүйгіштік қабілетінің жетілуіне, халқының салт-дәстүрлері мен мәдени мұрасына сүйіспеншілігінің артуына, патриоттық сезімінің дамуына өскен ортасының (табиғат, отбасы, туыс-достар, өнер адамдары, т.б.), соның ішінде қазақ мәдениетін, өнерін терең білетін, ақыл парасаты жоғары, сөзге шешен, елге сыйлы атасы Балқожаның ықпалы ерекше болды.

Ыбырай өскен ортадан алған білім-ілімін, көңіліне түйгендерін өзінің педагогтік қызметі арқылы жеткіншектердің бойына сіңісті ете білді. Оларды халық шығармашылығы қадірлеуге, аялап сақтауға, патриоттық сезіммен қабылдауға үйретті. Оны «Қазақ хрестоматиясы» еңбегінің мазмұны айғақтайды. Еңбекке енгізілген халық ауыз әдебиетінің үлгілері танымдық-адамгершілік, өнегелік сипатта болды, адамгершілік-патриоттық сезімнің қалыптасып, дамуына ықпал етті,” – деп көрсеткен [22, 81 б.].

Қазақстанның жоғары оқу орындарында этнопедагогика ғылымын жеке оқу пәні ретінде құрудың ғылыми негіздерін жасаған Ш.И.Джанзақованың “Этнопедагогиканы жеке оқу пәні ретінде құрудың ғылыми негіздері” тақырыбына орындаған докторлық жұмысының “Этнопедагогиканың даму тарихы бөлімінің мәні, құрылымы және мазмұны” тарауында Ы.Алтынсариннің этнопедагогикалық мұрасын автор былайша сипаттаған: “Ы.Алтынсарин тәлімгерлік мұраларына тоқталатын болсақ, ол қазақ жастарын оқытып-тәрбиелеу ісін ең басты мәселе деп қараған. Ол өзінің біраз еңбектерін қазақ халқының салт-дәстүрлерінің ерекшеліктерін зерттеп, этнографиялық очерктер жазуға арнады. Ы.Алтынсариннің қазақ халқының

салт-дәстүрлерін зерттеудегі мақсаты – дәстүрдің озығы мен тозығын ғылыми түрде талдап, өзінің көзқарасын білдіре отырып, мән-мағынасын ашу, озық дәстүрлі тәрбиенің құралы ету еді. Қазақтың салт-дәстүрлерін жан-жақты зерттеп, жинақтаумен бірге, әр ауыл мен болыс сайын мектеп, мектеп жанынан монша, кітапхана салып, қайтсем қазақ елін мәдениетті елдердің қатарына жеткіземін деп талпынған зиялы адамдардың бірі болғандығы сөзсіз. Өз еңбектерінде ол құда түсу, қыз айттыру, өлген адамды жерлеу дәстүрлерін жан-жақты баяндаған. Мысалы, ол жырларда айтылатын «Атаңды, ененді, жұбайыңды сыйла, ол сенің шешен мен әең, күйеуіңді сыйла, ол сенің құдай қосқан жарың, өсек айтпа, орынсыз үй қыдырма, үлкенге ілтифат жаса, кішіге қамқоршы бол, шаруаға икемді, еңбекті сүй» деген өсиет-нақылдың тәлімдік мәніне тоқталып, келіннің үлкенге иіліп сәлем беруі, орынсыз ойын-күлкіден, келеңсіз қылық пен байсауыт жүрістен жас адамның аулақ болуы отбасы бірлігіне ұйтқы, себепкер болатынын айта келіп, Ыбырай қазақтың тұрмыстық салт-дәстүрлерінің үлгі өнегелік жағын ашып көрсеткен.

Ол өзінің хрестоматияға енгізілген әдеби шығармаларының бәрін негізгі педагогтық ісімен тығыз байланыстыра білген. Яғни хрестоматияға енгізілген шығармаларды іріктеуде, біріншіден, әр халықтың тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрлерінен хабар беру принципі көзделсе, екіншіден, оқушыларды адалдыққа, еңбекке, ұқыптылыққа, талаптылыққа тәрбиелеу, адамгершілік жақсы қасиеттерді олардың бойына дарыту көзделді, үшіншіден, жастардың, әсіресе, бастауыш сынып оқушыларының түсінігіне жеңіл, тілі жатық әңгімелерді беруге тырысты.

Халқы үшін аянбай қызмет етіп, көптеген ғылыми еңбектерді дүниеге келтірген Ы.Алтынсариннің ғылыми және әдеби мұраларының бүгінгі жастарға берері мол, асыл мұра екені сөзсіз” деп қорытқан [23, 310 б.].

Қазақ этнопедагогикасы ғылымында қазақ қыздарына моральдық-этикалық тәрбие берудің теориялық-әдіснамалық негіздерін жасаған Г.Т.Алдамбергенованың “Қазақ халық педагогикасындағы қыздарға моральдық-этикалық тәрбие берудің ғылыми негіздері” тақырыбына орындаған докторлық жұмысының “Қазақ халық педагогикасындағы қыздарға моральдық-этикалық тәрбие берудің мазмұны” тарауында автор қазақтың ғұлама ойшылдарының моральдық-этикалық ілімдерінің педагогикалық мүмкіндіктерін анықтай отырып, Ы.Алтынсариннің қазақ өлкесінде ең алғаш қыздар үшін интернатты мектеп ашқанын, онда оларды қазақ халқының салт-дәстүрлері арқылы тәрбиелеу, қызға құда түсу, оны ұзату, келін түсіру, оның тойын жасау және өнегелі келін тәрбиелеу туралы ой-пікірлері талданып, көрсетілген [24, 193 б.].

Қазақстанда оқушыларға этномәдени білім берудің генезисі мен теориялық-әдіснамалық негіздерін алғаш жасаған С.Қ.Әбілдинаның “Қазақстанда оқушыларға этномәдени білім берудің қалыптасуы мен дамуы” тақырыбына қорғаған докторлық диссертациясының екінші “Қазақстанда этномәдени білім беру теориясы мен әдіснамасының қалыптасуы мен дамуы” тарауында Қазақстанда оқушыларға этномәдени білім берудің пайда болу кезеңін қалыптастыруда автор: “Қазақстанда этномәдени білім берудің тууы мен қалыптасуында халқымыздың алғашқы педагогы Ыбырай Алтынсариннің (1841-1889) қосқан үлесі мен еңбегі орасан зор. Ресей елінің құрамына кірген қазақ ел-жұртын көрші елдің өнер-білімін, техникасын игеруге шақырып қана қоймай, сол игі істі тікелей жүзеге асыруға да өлшеусіз үлес қосты. Қазақ даласында тұңғыш рет пәндік білім беретін

мектептер ашып, оқулықтар жазды, өзі сабақ беріп, жаңа талапқа сай келетін мұғалімдер дайындауға күш салды.

Ы.Алтынсариннің «Қырғыз хрестоматиясы» (1879), «Мақтубаты» (1889) – қазақ топырағындағы тұңғыш оқулықтар. Оқулық алғаш «Қырғыз хрестоматиясы» деген атпен шықты да, 1899 жылы ол «Мақтубат» деген атпен қайта басылып шықты. Бұл оқулық, ең алдымен, Еуропа оқымыстыларының педагогикалық көзқарастары мен оқыту, тәрбиелеу әдіс-тәсілдеріне негізделіп жасалды, бірақ ұстаз оларды талғам-талдаусыз, сол күйінше ала салған жоқ, керісінше, оған енетін материалдарды қазақ балаларының түсінік-танымына сәйкес етіп алды, өзі де осы талапқа орай әңгіме, өлеңдер жазып, құрастырған хрестоматиясына қосты. Сөйтіп, ұлы ағартушы-ұстаз халқымызды білім бұлағынан сусындатып, өзге мәдениетті елдердің қатарына қосуға бойындағы бар күш-қуатын, білімін сарқа жұмсады. Бұл бағытта тыңнан жол салып, соған бүкіл саналы өмірін арнады”, - деп сипаттады [25, 201 б.].

Қазақстанда қазақ халқының дәстүрлі педагогикалық мәдениеті бойынша дайындалған ең алғашқы докторлық диссертация Г.Р.Бақтиярованың “Қазақ халқының педагогикалық мәдениеті (Тарих.Теория.Практика)” тақырыбындағы ғылыми жұмысы. Диссертациялық жұмыстың “Қазақ халқының дәстүрлі педагогикалық мәдениетінің тарихнамасы” тарауында қазақ халқының дәстүрлі педагогикалық мәдениеті Ы.Алтынсариннің қазақ халқының дәстүрлі педагогикалық мәдениетінің қалыптасуы мен дамуында алатын орны туралы былай баяндаған: “Осы тұста ағартушы, педагог, әрі жазушы Ыбырай Алтынсарин есімі мен еңбегінің қазақ халқының педагогикалық мәдениетінің қалыптасып, дамуында алатын орнын баса айту керек. Халықтық педагогиканың қолдаушысы, белсенді насихаттаушысы, қазақ педагогикасының атасы Ыбырай – дәстүрлі педагогикалық мәдениет тарихындағы шоқтығы биік тұлға. Ол өзінің ғылыми педагогикалық еңбектерінде жас ұрпаққа жан-жақты тәрбие мен білім беру ісіне айрықша орын беріп, оны жүзеге асыруда қазақ халқының бай рухани тәжірибесін басшылыққа алу қағидасын берік ұстанды” [26, 15 б.].

Қорытынды. Сонымен, ұлы ағартушы педагогтың педагогикалық мұралары көп болып қолға алатын, ғалым-педагогтардың ұзақ жылдар бойы айналысатын ісі, ал сол мұраларды еліміздегі үздіксіз білім беру жүйесінің оқу-тәрбие үрдісіне ендіріп, пайдалану арқылы жас ұрпақ пен жастардың ұлттық санасын кемелдендіріп, оларға ұлттық тәрбие беруге ықпал етуге болады деп санаймыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Бөлеев, Қ. Ыбырай педагогикасы. Библиографиялық көрсеткіш [Мәтін] / Қ.Бөлеев. – Тараз: ХТИИ баспасы, 2021. – 39 б.
2. Қоқымбаев, Ш.Қ. Орыс-қырғыз (қазақ) мектептері [Мәтін] / Ш.Қ.Қоқымбаев: п.ғ.к. ... дисс. –М., 1937.
3. Сыдықов, Ә. Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі [Мәтін] / Ә. Сыдықов: п.ғ.к. ... дисс. – Алматы, 1948.
4. Гармс, И.Я. Революцияға дейінгі Ресейде қазақтар арасындағы халыққа білім берудің жайы [Мәтін] / И.Я.Гармс: п.ғ.к. ...дисс. –М., 1957.
5. Тәжібаев, Т.Т. XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанда ағарту ісі мен педагогикалық ойдың дамуы [Мәтін] / Т.Т.Тәжібаев: п.ғ.д. ... дисс. –Л., 1962.
6. Сембаев, Ә.І. Қазақ кеңес мектебінің тарихы [Мәтін] / Ә.І.Сембаев: п.ғ.д. ... дисс. – М., 1963.

7. Бержанов, Қ.Б. Ағарту ісін дамытудағы қазақ-орыс ынтымақтастығы [Мәтін] / Қ.Б.Бержанов: п.ғ.д. ... дисс. –Алматы, 1966.
8. Қозғамбаева, М. Қазақстандағы әйелдерге білім беру тарихынан [Мәтін] / М.Қозғамбаева: п.ғ.к. ... дисс. –Алматы, 1986.
9. Құнантаева, К. Қазақстанда әйелдерге білім берудің дамуы [Мәтін] / К.Құнантаева: п.ғ.д. ... дисс. –Ташкент, 1980.
10. Жарықбаев, К.Б. Революцияға дейінгі Қазақстанда педагогикалық ойдың дамуы [Мәтін] / К.Б.Жарықбаев: п.ғ.д. ... дисс. –Киев, 1981.
11. Ұзақбаева, С.А. Қазақстың халық педагогикасындағы эстетикалық тәрбие [Мәтін] / С.А.Ұзақбаева: п.ғ.д. ... дисс. –Алматы, 1993.
12. Қалиева, С. Қазақтың халықтық тәлім-тәрбиесінің ғылыми-педагогикалық негіздері [Мәтін] / С.Қалиева: п.ғ.д. ... дисс. –Алматы, 1996.
13. Калкеева, К.Р. Ы.Алтынсарин оқулықтарының ғылыми-педагогикалық негіздері [Мәтін] / К.Р.Калкеева: п.ғ.к. ... дисс. – Қарағанды, 2000.
14. Рысбекова, Ғ.Е. XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі Қазақстанда Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметінің дамуы [Мәтін] / Ғ.Е.Рысбекова: п.ғ.к. ... дисс. – Алматы, 2001.
15. Сарсенова, А.С. Ы.Алтынсариннің педагогикалық мұрасындағы жеке тұлға дамуының рухани-адамгершілік негіздері [Мәтін] / А.С.Сарсенова: п.ғ.к. ... дисс. –Алматы, 2008.
16. Әлқожаева, Н.С. XIX ғасырдың екінші жартысы ағартушылар мұраларындағы имандылық идеяларының дамуы [Мәтін] / Н.С.Әлқожаева: п.ғ.к. ... дисс. – Алматы, 2001.
17. Орынбасарова, Э.А. Қазақстанның педагогика тарихында оқушылардың адамгершілік тәрбиесі теориясының дамуы (XIX ғ. 60 жж. – XX ғ. 90-шы жж. [Мәтін] / Э.А.Орынбасарова: п.ғ.д. ... дисс. –Алматы, 2001.
18. Оразбекова, К.А. Жеке тұлға ұлттық тәрбиесінің ғылыми-педагогикалық негіздері [Мәтін] / К.А.Оразбекова: п.ғ.д. дисс. –Алматы, 2001.
19. Төлеубекова, Р.К. Жоғары сынып оқушыларын жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайда адамгершілікке тәрбиелеудің ғылыми-педагогикалық негіздері [Мәтін] / Р.К.Төлеубекова: п.ғ.д. ... дисс. –Алматы, 2001.
20. Табылдиев, Ә. Қазақ этнопедагогикасын оқытудың дидактикалық негіздері [Мәтін] / Ә.Табылдиев: п.ғ.д. ... дисс. –Алматы, 2004.
21. Шалғынбаева, Қ.Қ. Қазақ халық педагогикасындағы еңбек тәрбиесі [Мәтін] / Қ.Қ.Шалғынбаева: п.ғ.д. ... дисс. –Алматы, 2006.
22. Джанабаева, Р.А. Қазақ халық педагогикасындағы патриоттық-ерлік тәрбиесінің ғылыми негіздері [Мәтін] / Р.А.Джанабаева: п.ғ.д. ... дисс. – Алматы, 2006.
23. Джанзақова, Ш.И. Этнопедагогиканы жеке оқу пәні ретінде құрудың ғылыми негіздері [Мәтін] / Ш.И.Джанзақова: п.ғ.д. ... дисс. –Қарағанды, 2007.
24. Алдамбергенова, Г.Т. Қазақ халық педагогикасындағы қыздарға моральдық-этикалық тәрбие берудің ғылыми негіздері [Мәтін] / Г.Т.Алдамбергенова: п.ғ.д. ... дисс. –Алматы, 2009.
25. Әбілдина, С.Қ. Қазақстанда этномәдени білім берудің қалыптасуы мен дамуы [Мәтін] / С.Қ.Әбілдина: п.ғ.д. ... дисс. –Қарағанды, 2010.
26. Бахтиярова, Г.Р. Қазақ халқының дәстүрлі педагогикалық мәдениеті (Тарих. Теория. Практика) [Мәтін] / Г.Р.Бахтиярова: п.ғ.д. ... дисс. авторефераты. – Түркістан, 2010.

Мақала редакцияға 20.03.21 түсті.

Л.К. Болеева

Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан

**ИССЛЕДОВАНИЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ИДЕЙ И
ПРОСВЕТИТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА**

Аннотация. В статье дается ретроспективный анализ диссертационных работ, защищенных по педагогическим идеям и просветительской деятельности великого казахского просветителя-педагога в 1937-2010 годах.

Ключевые слова: педагогическая идея, педагогическая деятельность, педагогическое наследие, педагогический взгляд, педагогическая мысль.

L.K. Bolejeva

M.Kh.Dulaty Taraz Regional University, Taraz, Kazakhstan

**RESEARCH OF PEDAGOGICAL IDEAS AND
EDUCATIONAL ACTIVITIES OF YBYRAI ALTYSARIN**

Abstract. The article provides a retrospective analysis of dissertations defended on pedagogical ideas and educational activities of the great Kazakh educator-teacher in 1937-2010.

Keywords: pedagogical idea, pedagogical activity, pedagogical heritage, pedagogical view, pedagogical thought.

References

1. Bolejev K. Ybyrai's pedagogy. Bibliographic index. - Taraz: HTII Publishing House, 2021. - 39 p.
2. Kokumbayev Sh.K. Russian-Kyrgyz (Kazakh) schools: Candidate of Pedagogical Sciences ... diss. - M., 1937.
3. Sydykov A.Y. Altynsarin's pedagogical ideas and educational activity: Candidate of Pedagogical Sciences ... diss. - Almaty, 1948.
4. Garms I.Ya. The state of public education among Kazakhs in pre-revolutionary Russia: Ph.D. ... diss. - M., 1957.
5. Tazhibayev T.T. Development of education and pedagogical thought in Kazakhstan in the second half of the XIX century: Ph.D. ... diss. - L., 1962.
6. Sembayev A.I. History of the Kazakh Soviet school: Ph.D. ... diss. - M., 1963.
7. Berzhanov K.B. Kazakh-Russian cooperation in the development of education: Ph.D. ... diss. - Almaty, 1966.
8. Kozgambaeva M. From the history of education for women in Kazakhstan: Ph.D. ... diss. - Almaty, 1986.
9. Kunantaeva K. Development of education for women in Kazakhstan: Ph.D. ... diss. - Tashkent, 1980.
10. Zharykbayev K.B. Development of pedagogical thought in pre-revolutionary Kazakhstan: Ph.D. ... diss. - Kiev, 1981.
11. Uzakbayeva S.A. Aesthetic education in Kazakh folk pedagogy: Ph.D. ... diss. - Almaty, 1993.
12. Kalieva C. Scientific and pedagogical bases of Kazakh national education: Ph.D. ... diss. - Almaty, 1996.

13. Kalkeyeva K.R. Scientific and pedagogical bases of Y. Altynsarin's textbooks: Ph.D. ... diss. - Karaganda, 2000.
14. Rysbekova G.E. Development of pedagogical ideas and educational activity of Y. Altynsarin in Kazakhstan in the second half of the XIX century and the first quarter of the XX century: Ph.D. ... diss. - Almaty, 2001.
15. Sarsenova A.S. Spiritual and moral bases of personal development in the pedagogical heritage of Y. Altynsarin: Ph.D. ... diss. - Almaty, 2008.
16. Alkozhayeva N.S. Development of moral ideas in the heritage of educators of the second half of the XIX century: Ph.D. ... diss. - Almaty, 2001.
17. Orynbasarova E.A. Development of the theory of moral education of students in the history of pedagogy of Kazakhstan (60s of the XIX century - 90s of the XX century: Ph.D. ... dissertation - Almaty, 2001.
18. Orazbekova K.A. Scientific and pedagogical bases of personal national education: Ph.D. diss. - Almaty, 2001.
19. Tuleubekova R.K. Scientific and pedagogical bases of moral education of high school students in the new socio-cultural conditions: Ph.D. ... diss. - Almaty, 2001.
20. Tabyldiev A. Didactic bases of teaching Kazakh ethnopedagogics: Ph.D. ... diss. - Almaty, 2004.
21. Shalgynbayeva K.K. Kazakh folk pedagogy in labor education: Ph.D. ... diss. - Almaty, 2006.
22. Dzhanabaeva R.A. Scientific bases of patriotic and heroic education in Kazakh folk pedagogy: Ph.D. ... diss. - Almaty, 2006.
23. Dzhanzakova Sh.I. Scientific bases of creation of ethnopedagogics as a separate educational subject: Ph.D. ... diss. - Karaganda, 2007.
24. Aldambergenova G.T. Scientific bases of moral and ethical education of girls in Kazakh folk pedagogy: Ph.D. ... diss. - Almaty, 2009.
25. Abildina S.K. Formation and development of ethnocultural education in Kazakhstan: Ph.D. ... diss. - Karaganda, 2010.
26. Bakhtiyarova G.R. Kazakh people's traditional pedagogical culture (History. Theory. Practice): Ph.D. ... diss. author's abstracts. - Turkestan, 2010.